

**"Оңтүстік Қазақстан облысының тұрғындарына елді мекен шегінен тыс жерлерге емделу үшін бюджет қаражаты есебінен тегін жол жүруі туралы" Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2007 жылғы 28 ақпандағы N 30/350-III шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2007 жылғы 31 мамырдағы N 33/368-III шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2007 жылғы 19 маусымда N 1955 тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облыстық мәслихатының 2023 жылғы 28 сәуірдегі № 2/27-VIII шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облыстық мәслихатының 28.04.2023 № 2 /27-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. "Оңтүстік Қазақстан облысының тұрғындарына елді мекен шегінен тыс жерлерге емделу үшін бюджет қаражаты есебінен тегін жол жүруі туралы" Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2007 жылғы 28 ақпандағы N 30/350-III шешіміне (Нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 1952-нөмірмен тіркелген, 2007 жылғы 15 наурызда "Оңтүстік Қазақстан" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Науқастың және оны ертіп баратын тұлғаның жол жүру ақысын екі жаққа жүруіне әуе, темір жол көлігінде жүрдек поездың купе вагоны билетінің құны мөлшерінен аспайтын, ал қалааралық автомобиль көлігінде - нақты құны мөлшерінде өтеу жүргізілсін."

2. Шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыстық мәслихат сессиясының төрағасы*

*Облыстық мәслихаттың хатшысы*